


*Жаңа түскен басылымдардың
виртуалды көрмесі*


№ 3, 2019

*Виртуальная выставка
новых поступлений
научных изданий*




«Қазіргі Қазақстанның рухани жаңғыруындағы қазақ философиясының рөлі мен маңызы» атты Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауын жүзеге асыруға арналған дөңгелек үстелдің материалдар жинағы. — Сборник материалов круглого стола на тему: «Роль и значение казахской философии в духовной модернизации современного Казахстана», посвященного реализации Послания Президента Республики Казахстан народу Казахстана. - Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2018. - 304 б.

Жинаққа қазақ философиясының тарихи маңызы мен рухани жаңғыру үдерістеріне тигізетін әсері туралы пайымдалған мақалалар топтамасы енгізілген. Қоғамдық сананың жаңғыру процесі дүниетанымдық деңгейде жүзеге асканда ғана оның тиімділігі артатындығы дөңгелек үстел материалдарында жан-жақты тұжырымдалған.



Ана тілі. Қазақстандағы этнос тілдерін оқытуға арналған әдістемелік құрал. /Құраст.: С.К. Кенжемұратова, Г.Б. Төлегенова, М.З. Дәрмен, Е.Ш. Шынаатай. - Астана: «Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» КеАҚ. 2018. - 360 бет.

Бұл жинақ - елімізде тұратын түрлі этнос өкілдерінің өз ана тілін жатық меңгеруіне, күнделікті өмірде еркін сөйлеп үйренуіне арналған көмекші құрал. Сондай-ақ, кітап этнос өкілдеріне ана тілімен бірге мемлекеттік тілді бастапқы деңгейде үйренуіне мүмкіндік береді. Әдістемелік құралда берілген тапсырмалар, сөздер мен тілдік қолданыстар әрі жеңіл, әрі есте сақтауға бейімделіп ұсынылған.



Артықбаев Ж. Қазақстан өзбектері: тарихы, шаруашылығы мен мәдениеті, рухани өмірі мен қазіргі жағдайы / Ж.Артықбаев. - Астана: Фолиант, 2018. - 336 б.


Бұл кітапта қазақстандық өзбек этникалық тобының көне және орта-ғасырлық тарихы, сарт атауының мағынасы, Қазақ хандығындағы орны және қазақпен қарым-қатынасы, шаруашылығы, материалдық және рухани мәдениеті, әдет-ғұрыптары мен қазіргі жағдайы баяндалған.


Қазақстанның оңтүстік өңірін ежелден мекендеген бұл қауымдардың тарихы мен болмысы Сыр бойындағы қалалық өркениетпен байланысты. Қазіргі күні саны жағынан республикада үшінші орындағы өзбек этникалық тобының еліміздің шаруашылық саласында, мәдени дамуында алатын орны болашақта өсе бермек.

Сарсенбаева З.Н. Этнос және құндылықтар. - Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2018. -312 б.

Жұмыста этностың құндылықтық болмысының онтологиялық негіздері және оның дамуының әртүрлі кезеңдеріндегі, сонымен қатар қазіргі кезеңнің жаһанданулық және жаңғырулық үдерістерінің аясындағы құндылықтық өлшемінің ерекшелігі қарастырылады. Автор әлеуметтік-философиялық, тарихи-философиялық және аксиологиялық тұрғыларға сүйене отырып, этносфера мен мәдениеттің дамуындағы құндылықтық қатынастардың рөлін бағамдайтын этникалықтың онтологиясын тұжырымдап, зор әлеуметтік қуатқа ие этностың құндылықтық өлшемдерінің бірегейлігін өрнектей алған.

Қазақ мәдениетіндегі адам болмысының негіздерінің құндылықтық өлшемдерін талдауға ерекше назар аударылады. Этностың құндылықтық өлшемдері мәселесін әзірлемелеу полиэтникалық әлеуметтің құндылықтық топтасуының, мәдениетаралық коммуникациясының, мәдениеттер сұхбатының, ұлттық төлтумалық пен бірегейлікті сақтау мен дамытудың міндеттерін шешуге бағдарлайды.






Әдетов Б. Еңлік: Әңгімелер, хикаяттар, мақалалар / Бекболат Әдетов. - Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2018.-384 б.

Белгілі қаламгер Бекболат Әдетовтің «Еңлік» кітабына енген шығармалары негізінен бүгінгі күннің тақырыбына - өзімізді қоршаған адамдардың тағдыр-талайына, қуанышы мен ренішіне, сүйініші мен күйінішіне арналыпты. Ұлттық баспасөзімізде көп жылдардан бері жемісті еңбек етіп келе жатқан автордың қаламына ілінген ірілі-ұсақты оқиғалардың қай-қайсысы да өмірдің өзіндей қарапайым, бірде мұңды, бірде жайдары, кейде тіпті жеңіл юморға толы тартымдылығымен ерекшеленеді («Емтихан», «Бір сойқанның басы», «Шегірткенің айғыры», т.б.). Әңгімелердің тілі шұрайлы, көркемдік кестесі келісті.

Өскелең ұрпақ тәрбиесі тақырыбын көбірек қаузап, осы бағыттағы «Дарабоз», «Балауса» атты байқауларда жеңімпаз атанған, тәрбиеміздің осы саласына біршама үлес қосып келе жатқан автордың бұл кітабынан да соның мысалын айқын аңғарасыз. Жасөспірімдердің өмірі, арман-тілегі кітаптын өнбойында тұнып тұрғаны өз алдына, жинақтың бүтіндей бір «Балауса» дейтін бөлімінде кішкентай оқырмандарға арналған әңгімелер топтастырылған.



А. Балабеков «Қазақ тілі тыңдалым». Жаттығулар жинағы (А1-С1).+CD. – Алматы, 2018.-168бет.

Аталмыш жинақ қазақ тілін үйренуші мемлекеттік қызметкерлер, университет және колледж студенттеріне, сондай-ақ қалың көпшілікке арналған.

Жинақ үш бөліктен тұрады: жаттығу, дұрыс жауап және тыңдалым мәтіндері. Тіл үйренуші жаттығу жауаптарының дұрыс-бұрыстығын жинақ соңындағы дұрыс жауаптар парағынан тексере алады.





ЕРМАН Жүрсін. Шығармалар жинағы. / Жүрсін Ерман. - Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2018

Т. 1. - 280 бет.

Т.2.-280 бет.

Қазақтың талантты ақыны, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері, М. Мақатаев атындағы сыйлықтың екі мәрте иегері, «Айтыс ақындары мен жыршы-термешілердің халықаралық одағының» басқарма төрағасы Жүрсін Ерманның бұл кітабында таңдамалы өлеңдері топтастырылды. Бүгінде өлеңдерін жұрт жатқа айтып, кітаптарын іздеп жүріп оқитын оқырманға ақынның бұл жыр жинағы үлкен сый болары сөзсіз.






ЕРМАН Жүрсін. Шығармалар жинағы. / Жүрсін Ерман. - Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2018. Т. 3. - 304 бет.

Белгілі ақын, бірнеше рет жабық түрде өткен жыр мүшайралардың бас бәйге иегері, қазақ айтысының кара нары Жүрсін Ерманның бұл жинағына көркем очерктері, Өзбекәлі Жәнібеков, Оралхан Бөкей, Ақселеу Сейдімбек, Сағат Әшімбаев, Камал Смайылов, Сәкен Иманасов секілді тау тұлғалар жайлы естелік-эсселері топтасқан. Алты алашқа әйгілі ақынның бұл жинағы талғампаз оқырманды бей жәй қалдырмайды.




ЕРМАН Жүрсін. Шығармалар жинағы. / Жүрсін Ерман. - Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2018. -Т. 4. - 288 бет.

Бұл кітапта Тұманбай Молдағалиев, Фариза Оңғарсынова, Серік Қирабаев, Ұлықбек Есдәулет қатарлы қазақ әдебиеті алыптарының Жүрсін Ерман жайлы лебіздері және белгілі сыншылардың әдеби-сын мақалалары, ақындардың арнау өлеңдері берілді. Бұл жинақта қазақ айтысының шырақшысы, ақын Жүрсін Ерманның шығармашылық мұрасы, тұлғалық болмысы жан-жақты ашылды.




ЕРМАН Жүрсін. Шығармалар жинағы. / Жүрсін Ерман. - Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2018.-Т. 5. - 288 бет.

Бұл жинақ Жүрсін Ерманның ақындар айтысын жаңғырту жолында төккен тер мен тартқан азабы, атамұра алмас өнерімізге қолдау көрсеткендер мен көре алмай күндегендер жайлы және ақынның өмірі мен өлеңі жөнінде сыр шертеді. Автордың сыр сұхбаттары топтастырылған бұл кітап айтыс сүйер, өлең сүйер қалың қазақтың рухани қазынасы болары сөзсіз.



Сегізбайұлы К. Мерген. Повесть, шығармалар, әңгімелер / Кәдірбек Сегізбайұлы - Алматы: «Жалын баспасы», - 2018 ж. - 520 бет.

Белгілі жазушы, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Кәдірбек Сегізбайұлының қолыңыздағы жинағына «Мерген», «Ақ жаңбыр», «Арасан бұлақ» «Өртеңге өскен гүл», атты хикаялары мен поляк суретшісі революционер 19 ғасырдың ортасында қазақ даласында айдауда болған кезде жазылған «Қазақ даласының өмірі» атты очеркінің аудармасы және автордың шығармаларында табиғат ананың қадір қасиеті, оның ертеңгі тағдыры бүгінгі біздердің қолымызда екені, сондай-ақ махабаттың адалдығы мен әділдігі оқырманын бейжай қалдырмайды. Шығарманың айтар ойы айқын, тілі көркем.




ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН. Энциклопедия / Бас. ред. Ж. Тойбаева. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2018. - 784 бет.

Энциклопедия аса көрнекті ұлт қайраткері, Алашорда үкіметінің төрағасы, сан қырлы дарын иесі Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханға арналған. Энциклопедияға айтулы тұлғаның өмірбаяндық деректері, қайраткерлік қызметі, ғылыми, публицистикалық, аударма мұралары туралы мақалалар енгізілді. Кітапта Алаш қозғалысына қатысты мағлұматтар, Алаш қайраткерлерінің өмірбаяндары, сондай-ақ Ә. Бөкейхан жөнінде жазылған еңбектер мен олардың авторлары туралы да мәліметтер берілді.




Жүністегі К. Соңғы абыз роман. – Астана, 2018. – 352 бет.

Қарымды қаламгер Кәмел Жүністегінің шығармашылығымен оқырман кеңінен таныс. Оның қаламынан шыққан «Дос көңілі», «Көнехикая», «Көксеу» атты кітаптарын, «Құбабелдер» трилогиясын және «Көксеңгірдің тасында» повестер мен әңгімелер жинағын жұртшылық жылы қабылдаған болатын. Жазушының «Соңғы абыз» романы әдебиетіміздегі зар заман деп аталған әйгілі кезеңнің ірі өкілдерінің бірі – Шортанбай ақын өмірі мен сол тұстағы қазақ елінің жай күйін көрсетуге арналған. Жырау өмірін жан-жақты зерттеген жазушы өз романында сол кезеңдегі қазақ ауылдарының тұрмыс-тіршілігін, ел ішінің жай-жағдайын, заман тынысын айқын танытуға тырысады.



Кенжебайұлы Бейсембай. Шығармалар жинағы. Түрік қағанатынан бүгінгі күнге дейін. - Алматы: «Ел-шежіре» ҚК, 2018. - Т. 1. - 360 бет.

Өмірі толы өрлік, ғылымы толы ерлік дерлік тұла бойы ұлттық қадір қасиеттен жаралған, ұлт руханияты үшін өмір кешкен, сол жолда ештеден тайсалмаған табанды ұлттық рухты, ұлы болмысты оқымыстының шығармалар жинағының алғашқы томына кеңестік қира кезең тар заманда рухани ерліктерге бастамашы болған бірсыпыра еңбектері еніп отыр. Кезінде кейбірі өртелген, кейбірі бұғатталған, қырқылған, туралған еңбектер толық дерлік нұсқада жарияланып отыр.




Кенжебайұлы Бейсембай. Шығармалар жинағы. ояну дәуірінің әдебиеті. (XXғасыр басындағы қазақ әдебиеті). - Алматы: «Ел-шежіре» ҚК, 2018. - Т. 2. - 336 бет.

Қазақ түркологиясының атасы дерлік ұлы ғалым Бейсембай Кенжебайұлының кезекті шығармалар жинағының екінші томына ояну дәуірінің (XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті) әдебиеті туралы зерттеу еңбегі еніп отыр. XX ғасырдағы қазақ руханияты ғалымның бар саналы ғұмырын жұмсап, аянбай зерттеп, жемісті еңбек еткен дәуірі. Ғалымның бұл зерттеуі кезінде М.О.Әуезов, Ә.Марғұлан, А.Тоқомбаев (қырғыз), М.Богданова (Москва), І.Кеңесбаев, М.Ғайнуллин (татар), Н.М.Маллаев (өзбек) тарапынан аса жоғары бағаланған. Кезінде жоғары бағаға ие болған еңбек ғалым қолжазбасымен салыстырыла ұсынылып отыр.






Елдес Омарұлы шығармалары.1-том. - Алматы: - «Лұғат» қоғамдық қоры. - 2018.-Т. 1.-2018.-300 б.

Бұл томға Е.Омарұлының тіл білімінің түрлі мәселелеріне, жазу, емле, дыбыс, таңба, әліпби, тағы басқа да тақырыптарға арналған 31 мақаласы және «Синтаксис танытқыш» атты бұдан бұрын мүлде баспа бетін көрмеген еңбегі еніп отыр. Қазақ жазуы мен емлесінің калыптасуы, даму жолынан мол ақпарат, терең білім алғысы келген, мамандарға қазақ тілінің ғылыми синтаксисі, сөз тіркесі синтаксисі мен сөйлем синтаксисі туралы терең мағлұмат береді.



Елдес Омарұлы шығармалары. 2-том. - Алматы: - «Лұғат» қоғамдық қоры. - 2018.-Т. 2.-2018. -500 б.

Бұл томға Е.Омарұлының «Жер заңы», «Ақы заңы», «Лениннің ұлт мәселесі тақырыпты сөздері» атты аудармалары енді. «Жер заңы» Кеңес Үкіметінің алғашқы жылдардағы Одақтас Республикалар аумағында жүргізген жер саясатын нақты көрсетеді. «Ақы заңы» - Кеңес Одағы азаматтарының экономикалық қарым-қатынасын реттейтін, олардың құқықтары мен жауапкершіліктерін көрсететін заңнамалық құжат. «Лениннің ұлт мәселесі тақырыпты сөзі» кітабында Ресейдегі Төңкерістен бұрынғы және Төңкерістен кейінгі ұлт мәселесінің жай-күйіне, сондай-ақ жаңа орнаған Кеңес Үкіметінің ұлт мәселесінде ендігі ұстанатын саясатының қалай болу керектігі көрсетілген.



Омарұлы Е. Үш томдық шығармалар жинағы. 1-том /Елдес Омарұлы. -Астана: «Алашорда» қоғамдық қоры.-Т. I. -2018. -400 б.


Кітапқа Елдес Омаровтың «Қазақ тілі синтаксисі боиынша жаттығулар жинағы ҚР Орталық мемлекеттік архивінен табылған еңбегінің қолжазбасы «Ақы заңы» атты аудармасы, әліпби, емле, терминге қатысты мақалалары түрлі конференция мен жиында сөйлеген сөздері енді.

Омарұлы Е.Үш томдық шығармалар жинағы. 2 том /Елдес Омарұлы. - Астана: «Алашорда» Қоғамдық қоры.-Т. II. -2018.

Кітапқа Е. Омарұлының «Физика» оқулығы, Цингерден аударған «Физикасы» (1-2 бөлім), Г.И. Фадеев, А.В. Перышкиннен аударған «Физика» атты оқу құралы енген. Еңбек XX ғасырдың басындағы терминжасам үдерісінен нақты тілдік-тарихи дерек береді.

Омарұлы Е.Үш томдық шығармалар жинағы. 3 том / Елдес Омарұлы. - Астана: «Алашорда» Қоғамдық қоры.-Т. III. -2018. -420 б.

Кітапқа Елдес Омарұлының 1928 жылы жарық көрген «Пішіндеме» атты оқулығы, 1935, 1940 жылдары жарық көрген, Н. Рыбкиннен аударған «Геометрия есептерінің жинағы. Стереометрия» енген. Қазақ тілінде геометрия терминдерін калыптастырған бұл еңбектері жұрт назарына алғаш рет ұсынылады. Бүгінгі таңда «Физика» оқулықтарын жазатын мамандар, аудармашылар, сала терминдерін, казак тіл біліміндегі терминдердің калыптасып, дамуы, казак әдеби тілінің тарихын зерттеуші мамандар үшін таптырмас құрал.



Латын әліпбиіне көшу: ғылыми-тәжірибелік негіздер, даму процесі және басты мәселелер.- Астана: «Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» КеАҚ, 2018. - 280 бет.

Жинақта Ұлттық комиссия жанындағы жұмыс топтарының жаңа әліпби емле ережелерін әзірлеу, оларды сынамадан өткізу, сараптау, талқылау жұмыстарының барысы баяндалады. Сонымен бірге әліпби және оның емле ережелеріне байланысты ғылыми мақалалар мен ұйымдастыру жұмыстары туралы ақпараттар енгізілген.



**Петров Д.Ю. Ағылшын тілі. Базалық тренинг / Дмитрий Петров
Дмитрий Петровтың институты, 2018. - 288 б.**

Оқу құралында Дмитрий Петровтың тіл үйренудің авторлық әдісімен жасалған. 16 сабақтан тұратын ағылшын тілінің базалық курсы берілді.


Әр сабақ ағылшын тілінің негізгі құрылымдарын қолдану дағдыларын қалыптастыруға көмектесетін практикалық тапсырмалардан тұрады. Оқулық тіл үйренудің бастауыш және жалғастырушы деңгейлеріне арналған.



Абаев Д.


Президент: 2017 жылғы басты оқиғалардың фотобаяны. Президент: фотолента основных событий 2017 года / Д. Абаев. Алматы. ТОО «Алматы Принт», 2018. - 392 с.

Данная книга представляет собой сборник фотоматериалов, отражающих ключевые внутривластные и международные события с участием Президента Казахстана Нурсултана Назарбаева в 2017 году.




Молдашева А.Б. География международного туризма: Учебное пособие. - Тараз: Тараз университеті, 2018.- 159 с.

В учебном пособии рассмотрены характеристика рекреационных ресурсов отдельных стран и регионов, на базе которых развивается как международный, так и внутренний туризм и происходит формирование основных туристских потоков, анализируются континентальные, национальные и региональные особенности развития туризма, вопросы географического размещения и условий организации различных видов туризма. Содержит разноуровневые задания, способствующие продуктивной работе студентов на практических и семинарских занятиях.



Алшанов Р. Диалектика экономических противоречий и диалектические циклы развития / Алшанов, Рахман. - СПб., 2018. - 132 с. Многосложность и многослойность общественного развития обусловлены соответствующими, имманентными сложными системами экономических противоречий, законов, отношений. Полисистемная диалектика сложного целого и многосистемная диалектика неоднородного и многослойного определяют особенности диалектики развития общества, масштаб исследовательских задач. Закономерности, которые обнаруживаются в исследовании, выводят на проблемы диалектических циклов экономического развития, существенную роль в которых играет диалектика самих противоречий.



Работа с байесовскими сетями в BAYESIALAB / Н.Г. Литвиненко, А.Г. Литвиненко, О.Ж. Мамырбаев, А.С. Шаяхметова. - Алматы: Институт информационных и вычислительных технологий, 2018. - 314 с.

В различных областях науки и прикладных исследованиях байесовские сети являются мощным инструментом для изучения сложных процессов, обладающих причинно-следственными вероятностными связями. Возникла потребность в программных инструментах, обеспечивающих реализацию моделей, основанных на аппарате байесовских сетей. Рынок программных продуктов отреагировал быстро. Появилось много прекрасных программных продуктов для работы с байесовскими сетями.


В данной книге изложены основы работы с пакетом BayesiaLab, наиболее интересным, мощным, общепризнанным инструментом для работы с байесовскими сетями.



Социологическое и аналитическое исследование по вопросам языковой политики в Республике Казахстан / под редакцией.../ Комитет по развитию языков и общественно-политической работы Министерства культуры и спорта Республики Казахстан, ТОО «САНА». - Астана, 2018. - 145с.


В издании представлены результаты комплексного социологического исследования, выполненного по заказу Комитета по развитию языков и общественно-политической работы Министерства культуры и спорта Республики Казахстан в 2018 году.

Социологическое исследование проведено среди нескольких групп: опрос населения (по репрезентативной выборке 6000 респондентов); опрос молодых людей в возрасте от 10 до 17 лет (1000 респондентов); опрос целевой группы - работники медицинской сферы (000 респондентов); экспертный опрос (60 экспертов); фокус-группы среди этнических групп.



«Қазақстан мен шектес мемлекеттердегі зоологиялық және паразитологиялық зерттеулер». Зоология институтының 85 жылдығына және ҰҒА академигі Евгений Васильевич Гвоздевің 100 жылдық мерейтойына арналған» материалдарының жинағы = «Зоологические и паразитологические исследования в Казахстане и сопредельных странах». Посвящено 85-летию Института зоологии и 100-летию академика НАН РК Евгения Васильевича Гвоздева» = Zoological and parasitological studies in Kazakhstan and neighboring countries. Dedicated to the 85th anniversary of the organization of the Institute of Zoology and the 100th anniversary of Academician of the National Academy of Sciences of Kazakhstan Yevgeny Vasilievich Gvozdev.- Алматы, 2018. - 261 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

В сборнике изложены результаты исследований ученых зоологов по изучению биоразнообразия, систематике, экологии и вопросам охраны животного мира.



Осборн, Роджер. Цивилизация. Новая история Западного мира / Роджер Осборн; [пер. с англ. М. Колопотина]. - Москва: Издательство АСТ, 2018. - 768 с.


«Неожиданный взгляд на историю!» — восторженно пишут критики о книге Роджера Осборна «Цивилизация».

Человечество рассматривает современную западную цивилизацию как наследие античности и раннего христианства, эпох Возрождения и Просвещения. Но так ли это?

Существует ли вообще связь между историческими эпохами?


Можно ли считать западную цивилизацию единой исторической цепью, звенья которой связует идея прогрессивного развития?

Вот лишь немногие из вопросов, на которые отвечает в своем оригинальном исследовании Роджер Осборн.



Анисимов Е. Пленницы судьбы. - СПб.: Питер, 2018. - 480 с.: ил. - (Серия «Романтические страницы русской истории»).


Автор и ведущий телепередачи «Пленницы судьбы», известный историк Евгений Анисимов знакомит читателя с драматическими судьбами знаменитых русских женщин XVIII-XIX столетий. В этой книге не будет патоки и меда, вдоволь перемешанных со слезами, что характерно для так называемых «женских историй». Героини повествования — Евдокия Лопухина и Екатерина I, Наталья Долгорукая и Прасковья Жемчугова, «княжна Тараканова» и княгиня Голицына, а также многие другие — стали заложницами тех роковых обстоятельств, из которых зачастую и складывалась история России. О том, как они, невзирая на превратности судьбы, страстно боролись за свою веру, счастье и любовь, и рассказывается в книге.



Мукушев С.А., Жумабеков У.Ж.

Военные дороги и колонные пути: Учебное пособие. - Тараз: Тараз университети, 2018. - 148 стр.


В учебном пособии «Военные дороги и колонные пути» по одноименной дисциплине под общей редакцией С.А. Мукушева рассматриваются элементы военных дорог и колонных путей, конструкции дорожных сооружений и дорожных покрытий, инженерная разведка дорог и колонных путей и пути для движения войск.



Асанкулова Б.С., Калымбетова Н.П.


Профессиональный русский язык для студентов специальности «Технология и проектирование текстильных материалов», «Технология и конструирование изделий легкой промышленности», «Материаловедение и технология новых материалов», «Дизайн». Учебное пособие - Тараз: Тараз университети, 2018. - 91 с.

Учебное пособие предназначено для студентов технических специальностей с казахским языком обучения на этапе овладения русским языком на профессиональном уровне. Пособие состоит из двух частей. Целью пособия является формирование и совершенствование коммуникативной компетенции студентов в учебно-профессиональной сфере.



Рельеф Казахстана (пояснительная записка к Геоморфологической карте Казахстана масштаба 1:1 500 000). - 2-е изд. - Алматы, 2017. - 236 с.

Книга является первой сводкой по геоморфологическому строению территории Казахстана и сопровождается геоморфологической картой масштаба 1:1 500 000. Карта составлена в морфогенетической легенде с дополнением историко-генетических элементов. В ее основу легли материалы многолетних исследований геоморфологов Института геологических наук им. К. И. Сатпаева и Института географии.




Усманов С., Тойпасова У.М., Омарова Г.Т., Махмудов Р.У., Мамбетжанова И.Т., Усманов Х.С., Усманов А.С.

Разработка технологии и изучение агрохимической эффективности обогатенных и комплексных удобрений. - Алматы: Изд-во ИП Бекетаева «Эмиль-принт», 2017. - 168 с. Библиография 52 назв.. Ил. 30, Табл. 45.

В монографии приведены физико-химические и технологические основы получения, создания производства, агрохимическая, экономическая и экологическая эффективность обогатенных и комплексных удобрений.

Определены теоретические основы выбора аппаратуры для технологии получения и сушки туков, условия бестарной перевозки, хранения и механизированного внесения в почву в летних, осенне-весенних, зимних условиях.



Библиографический указатель научных трудов академика Национальной академии наук Республики Казахстан и академика Российской академии наук, доктора сельскохозяйственных наук, профессора Казахского национального аграрного университета Р.Е. Елешева. - Алматы: Изд. «Айтұмар», 2018. - 144 стр.

Библиографический указатель научных трудов доктора сельскохозяйственных наук, профессора Казахского национального аграрного университета Р. Елешева посвящен 80-летию со дня рождения.

В указатель включены биографический очерк, отражающий его научно-педагогическую деятельность, основные даты жизни и деятельности, научные публикации и учебно-методические материалы, защищенные диссертации под его руководством и литература о нем.



Спицын А.Т. Стратегические приоритеты интеграционного сотрудничества регионов Казахстана и России в условиях глобальных вызовов и рисков / К XV форуму межрегионального сотрудничества Казахстана и России с участием Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева и Президента Российской Федерации В.В. Путина (г. Петропавловск, Северо-Казахстанская область, 9 ноября 2018 г.) / Спицын А.Т. - М.: Издательство «Проспект», 2018.-56 с.


В преддверии XV Форума межрегионального сотрудничества Казахстана и России с участием Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева и Президента Российской Федерации В.В. Путина (г. Петропавловск, Северо-Казахстанская область, 9 ноября 2018 г.) ученые России и Казахстана подготовили «Круглый стол» на тему: «Евразийский потенциал и новые возможности развития регионов Казахстана и России в условиях глобальных вызовов». В научной публикации А.Т. Спицына раскрыты стратегические приоритеты интеграционного сотрудничества регионов Казахстана и России на современном этапе.



Рахимов К.Д., Бурашева Г.Ш., Устенова Г.О.

Фармакологическое и химико-фармацевтическое исследование фитопрепаратов из верблюжьей колючки. - Алматы, 2018. - 394 с.

В данной монографии представлены результаты фармакологического, фитохимического и фармацевтического исследований растений рода *Alhagi*-верблюжья колючка - жантак. Приведены фармакологическое, предклиническое и клиническое действие фитопрепаратов «Алхидин», «Жантадин» из верблюжьей колючки киргизской. Рассмотрены общая характеристика видов лекарственного растения верблюжьей колючки и методы экстрагирования биологически активных веществ.



Керимжанова Б.Ф. Роль патогенных, атипичных и L-форм микобактерий в эпизоотологии туберкулеза крупного рогатого скота. - М., 2018. - 508 стр.

В монографии представлены результаты изучения роли патогенных, атипичных и L-формы микобактерий в эпизоотологии туберкулеза крупного рогатого скота. В работе использованы эпизоотологические, микробиологические с включением электронной микроскопии и биологические с патоморфологией методы исследований. В книге изложены материалы проведенных автором научных изысканий, направленных на совершенствование методов и средств борьбы с туберкулезом крупного рогатого скота в Казахстане в конце последних десятилетий двадцатого столетия. Показана возможность получения L-формы из патогенных штаммов микобактерий туберкулеза бычьего вида под влиянием различных антибактериальных препаратов. Установлено, что изониазид, применяемый для профилактики туберкулеза крупного рогатого скота вызывает L-трансформацию микобактерий туберкулеза бычьего вида (*M.bovis*), т.е. не освобождает организм животного от возбудителя инфекции.